

Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округінің Бакенбай учаскесінде орналасқан "Ернур" фермер қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 12 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қазанда № 6983 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округі әкімінің 02.02.2021 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Ақтоғай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 2-01/212 ұсынысы негізінде, Ақтоғай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округінің Бакенбай учаскесінде орналасқан "Ернур" фермер қожалығының аумағында жылқының құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауылдық округінің әкімі

Б. Абдрахманов